

## Қазақ ССР Президентінің СОКП мүлкі туралы жарлығын орындау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1991 жылғы 30 тамыздағы N 503

Қазақ ССР Президентінің 1991 жылғы тамыздың 25-індегі "Қазақ ССР-ының территориясындағы СОКП мүлкі туралы" Жарлығын орындай отырып, Қазақ ССР Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Қаржы министрлігі, Қазақ ССР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері, Алматы және Ленинск қалалық атқару комитеттері, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар Қазақ ССР Ұлттық мемлекеттік банкісінің қатысуымен он күндік мерзім ішінде Қазақ ССР-нің территориясындағы СОКП мүлкін есепке алатын болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті облыстық атқару комитетімен және Алматы қалалық атқару комитетімен бірлесе отырып есепке алу нәтижелері бойынша бұрын СОКП иелігінде болған мүлікті пайдалану жөніндегі ұсыныстарын енгізетін болсын (осы қаулысының 2 тармағында көрсетілгендерден басқа).

2. Кәсіпорындардағы, мекемелердегі және ұйымдардағы партия комитеттерінің мүлкі сол кәсіпорындарға беріледі деп белгіленсін.

Қазақ ССР Президенті мен Қазақ ССР Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқармасы бұрынғы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Іс басқармасынан оның қарамағындағы мүлікті қабылдап алсын.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақ ССР Қаржы министрлігімен бірге партия комитеттері құрған кәсіпкерлік құрылымдарға (оның ішінде бірлескен кәсіпорындар да) жалға немесе жарғылық қорларға берілген СОКП мүлкін анықтасын және оларды пайдалану туралы ұсыныстарын енгізетін болсын.

Жекешелендірілген объектілердің нақтылы құнын анықтауды қолданылып жүрген тәсілдерін пайдалана отырып, аталған мүліктің бағасы шығарылсын.

4. Қазақ ССР Ұлттық мемлекеттік банкі мен Қазақ ССР-інің коммерциялық банкілері 1991 жылғы тамыздың 30-ынан бастап СОКП мүлкін есепке алуды аяқтағанға және оны пайдалану туралы шешім қабылданғанға дейін партия комитеттерінің есептері бойынша операциялары тоқтатылсын. Тек қана Коммунистік партиялық Орталық, облыстық және аудандық комитеттерінің есептеріндегі жалпы 1991 жылғы

қыркүйектің 1-іне дейін орындалған жұмыс пен қызмет көрсетуге еңбек ақы, республика территориясында өткізілген съездер мен конференциялардың ұйымдастырушылары мен делегаттарына қызмет сапары шығындарын, ауыруына байланысты қағаз мен қызметтен босағандарға қолданылып жүрген заңға сәйкес және ақы төлеуге арналған қаржыларын алу үшін жүргізілген операцияларға рұқсат етілсін.

5. Жұмыстан босатылған қызметкерлердің тұрғын үй, еңбек және басқа да әлеуметтік праволары мен кепілдіктері қолданылып жүрген заңға сәйкес қамтамасыз етіледі.

6. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мемлекет меншігіне партия мүлкін алуға, алмастыруға, ұрлауға және үлестіріп беруге жол бермеу жөніндегі қажетті шараларды қабылдайтын болсын.

Қажетті жағдайларда үй-жай, бөлмелерді, ғимараттарды және басқа да партия мүлкін күзетуді қамтамасыз ететін болсын.

Осы қаулының талап-тілектерінің бұзылғаны анықталған жағдайда Қазақ ССР заңдарында белгіленген тәртіп бойынша шара қолданылсын.

Қазақ ССР Премьер-министрінің  
Орынбасары